

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бөбекжай бақша кешені

меңгерушісі

Мираманова М.А.



## Ертеңгілік

Тақырыбы: «Жаңа жыл»

«Аққу» ересек топ

Тәрбиеші: Сайрамбаева Л.Д.

2022-2023

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата-аналар, қымбатты ұстаздар, оқушылар, қонақтар! Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Міне сол күн, сол мереке биыл да келіп жетті. Сіздерді осы Жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, Жаңа жыл тек қана табыс, береке, бірлік әкелсін дейміз!

Әлем елдері Жаңа жылды салтанатты жағдайда мерекелеп, оған айрықша мән берген.

Олардың жылды қарсы алу дәстүрі де бір-біріне ұқсамайды. Әр ел жаңа жылды қалай қарсы алады екен, оны бізге балаларымыз айтып берсін!

Батырхан. Мысалға еврей ұлттары Жаңа жыл «Рон Ашана» деп атайды. Бұл күні адамдар күліп жүруге тырасы екен.

Ақлима: Ал үнді ұлты – жаңа жылды қазан айының соңында тойлайды. Бұл күні олар тек қызыл түсті киім киеді екен.

Амирхан: Ал Жапонияда Жаңа жылды қарсы алу сәтінде қоңырау 108 рет соғылады екен..

Мейіржан: Француз елінің аяз атасы жаңа жыл түнінде балалардың аяқ киімдеріне сыйлықтар қалдырады екен.

Индира: қара нәсілділер – жаңа табыс пен жаңа ырыс әкелсін деп, жаңа жыл мерекесінде адамдар бір-біріне су шашады екен.

Мансур: Шотландықтар мереке күні үйлеріне кім бірінші болып кірсе, келесі жаңа жыл бойы

Диляра: Колумбияда Жаңа жылдық карнавалдың басты кейіпкері — Ескі жыл. Ол топтың ішінде биік ағаш аяқпен қыдырып жүреді және балаларға қызықты оқиғалар айтып береді.

Жүргізуші: Иран елінде Жаңа жыл 21 наурызда тойланады. Жаңа жылға аз уақыт қалғанда халық арнайы ыдысқа дән егіп қояды. Жаңа жыл кезінде дән әсіп шығып, бұл жаңа әмірдің, жаңа жылдың келгендігімен түсіндіріледі екен. Дұрыс айтасыңдар балалар, ал біздің халық, біздің балалар жаңа жылды қалай тойлататынын кәрсетейік.

Қане ендеше отырмайық тойлайық,

ән айтып бір шырқатайық

ортаға кеп шығыңдар

Әнімізді шырқайық

Ән «Жаңа жыл»

Балалардың тақпақтары

Аяз келді қаһарлы  
Айналаны қар жапты  
Ақ тон киіп орман тұр Әділет  
Дәл атамдай салмақты  
Жасыл желек жамылған  
Асыл моншақ тағылған  
Міне сұлу шыршамыз нұркен  
Кәптен күтіп сағынған  
Кел балалар келіңдер  
Тамашаны көріңдер  
Аяз ата ойды қырды  
Аралап жүр түгел шолып  
Қарсы алғалы жаңа жылды Ділназ  
Ол да кәптің бірі болып  
Оралдың әлкеме  
Жаңа жыл армысың әмірәлі  
Ақ кәрпеге оранып  
Асқар тау қарлы шың  
Жаңа жыл жаңа жыл  
Жаңа жылға жаңа жыр  
Жасыл шырша жаныңда  
Билеп барлық бала жүр  
Балалар орындарына отырады.

Музыка әуенімен ортаға бір бала шығып, шыршаның астынан хат тауып алады.

Бала: Алақай, аяз атадан хат тауып алдым!!!

Жүргізуші: Қане хатта не жазылғанын оқып кәрейік:

Хатта: Амансыңдарма балаларым! Мыстан кемпір мені Үндістанға аттандырып жиберді, мыңда ыстық абден ыстықтадым, сендерге жете алмай жатырмын маған көмек керек ,! Деп жазыпты Аяз атамыз!

Жүргізуші: Балалар мыстан кемпір аяз атамызды үнді еліне атандырып жиберіпті енді қалай көмектесеміз?

Бала: мен білемін, мерекеге ақшақарды шақырайық, оның сиқырлы таяқшасымен сиқырлап аяз атамызды осында алдырайық.

Дұрыс айтасың (баланың атын атау). Ендеше бәріміз ақшақарды шақырайық.

Барлығы: Ақшақар! ,ақшақар!

Музыка әуенімен залға ақшақар болып киінген мыстан кемпір кіреді.

Ақшақар-Мыстан: Сәлеметсіңдерме балаларым!

Сәлеметсіңдерме балапандарым! (мысқылдап)

Шақырдыңдар естідім,

Асығып тез жеттім. Мен Ақшақармын(мысқылдап)

Балалар: Ақшақар неге сенің мұрның ұзын?

Ақшақар- мыстан: Сендердің қайда жүргендеріңді иіскеп сезу үшін.(мысқылдап)

Балалар: Ақшақар неге сенің тырнағың ұзын?

Ақшақар- мыстан: Бүкіл жерді қазбалап, сендерді тауып алу үшін.(мысқылдап)

Балалар:Ақшақар қолыңдағы сыпырғыш не үшін?

Ақшақар- мыстан: Сендерге тез жету үшін. (ашуланып) неге, неге не деген көп сұрақ қоясыңдар! Қазір кетіп қаламын (бұлданып)

Жүргізуші: Жооқ, жоқ кетпеңіз, Ақшақар біздің аяз атамызды мыстан кемпір -----жіберіпті, соны сиқырлы таяғыңмен сиқырлап мында акелуге көмектесіңізші?

Ақшақар – мыстан: Сиқырлы таяқ (таңырқап) а – а сиқырлы таяқ па, (мысқылдап) Менде сиқырлы таяқ емес, сиқырлы сыпырғыш бар.

Жүргізуші: сыпырғыш (таңданып) жарайды мейлі, не болса да , аяз атамызды мерекеге акелсеңіз болды.

Ақшақар мыстан: (сиқырлы сыпырғышымен сиқырлап) Ахалай махалай аяз атамызды жибер! (жарық өшіп-жанып, балалар орманға тап болады. (жарық өшкенде ағаштар мен шыршаларды шығару)).

Жүргізуші: Ақшақар бұның не? Бізді қайда акелдің?

Ақшақар-мыстан: (мысқылдап) Ой балалар сыпырғышым мені дұрыс түсінбей қалған ғой.

Жүргізуші: Енді қайтсек, не істесек, мында жабайы аңдар бар ғой.

1 бала-қоян: Сабыр сақтаңыздар! Біз барда сендерге ешкім тиіспейді. Біз батыр қояндармыз!

Би: «Батыр қояндар»

Жүргізуші: Бәреклді қояндар, бүкіл аңдар сендердің батырлықтарыңды кәріп, қашып кетті.

Ақшақар енді бізді қайтадан бақшамызға жибер!

Ақшақар-мыстан: Иә, әрине. Ахалай-махалай бізді топқа қайтар! (сыпырғышына сиқырлап)  
(жарық өшіп жанады, смешарики еліне тап болады,)

Жүргізуші: Балалар біз тағы қайда тап болдық! Не істеп жүрсіңдер мында? Балалар мыналар мультфильм еліндегі смешариктер ғой.

Балалар: Біз аяз – атамызды іздеп жүрміз. Сіз оны кәмедіңіз бе?

Смешарик: Жоооқ кәрмедім. Бірақ сендер еңселеріңді түсірмеңдер. Аяз аталарыңды міндетті түрде табасыңдар, ал қазір менімен бірге кәңіл кәтеруге қалай қарайсыңдар?

Ойын: «Алақанды ұр»

Смешарик: Бәрекелді балалар, ойыннан шебер екенсіңдер, бізге би билеп берсеңдер қайтеді?

Би: «Гномдар»

Смешарик: Жарайсыңдар балалар ойынды да шебер, биді де тамаша билейді екенсіңдер, рахмет сендерге.

Аяз аталарыңды міндетті түрде табысыңдар, саааауууболыңдааар балалар!!!

(залдан шығып кетеді)

Жүргізуші: Балалар қалай ойлайсыңдар бізді біреу алдап жүрген сияқты?

Балалар: Иа, ол ақшақар емес, мыстан кемпір.

Жүргізуші: Ах бәлем, мыстан кемпір сен екенсің ғой бізді алдап жүрген.

Мыстан кемпір: ха-ха –ха –ха, бәріңді де алдап соқтым, (қуланып, билейді) Аяз аталарыңды енді кәрмейсіңдер!

Балалар мыстан кемпірді қалай қуып шығу керектігін мен білемін.

Ойын: «Қармен атысу»

(мыстан кемпірді қуып сайқымазақ та залдан шығып кетеді)

Жүргізуші: Бәрекелді балалар, міне мыстанды да қуып жібердік?

Енді тобымызға қалай қайтамыз? Аяз атаны қалай құтқарамыз?

Музыка әуенімен залға Ақшақар кіреді

Ақшақар: Амансыздар ма, балалар, ата-аналар! Әздеріңді сағынып келдім. Жаңа жылдарың құтты болсын. Жаңа жыл табыс жылы болсын! Сіздерге тең қана береке, бірлік әкелсін. Тарихи жыл болсын!

Жүргізуші. Алақай ақшақар келгенің қуаныштымыз, Бізді мынада мыстан кемпір адастырып жіберді, аяз атамизды мыстан ----аттандырып жіберіпті, сиқырлы таяқшаңызбен сиқырлап бізді мерекеге қайтарыңыз?

Ақшақар: жарайды бірақ менің екі тілегім бар! Алдымен мына кәңілсіз шыршамыздың шамдарын жағайық, Артынан кәңілді ән шырқайық.

Шырша шағу: Барлығы бірге: Шамшырақ, шамшырақ

Жайна шырша жарқырап. 3-рет

Ән: «Ақшақар»

Ақшақар: Сиқырлы таяқшам сиқырла, бізді аяз – атамизға апар!!!

Ойын: «Қарды біз домалатып»

Қыздар: Қарды біз домалатып,

5-ке дейін санаймыз,

1,2,3,4,5 ұлдар биле тез. (ортаға ұлдар шығып билейді)

Ұлдар: Қарды біз домалатып,

5-ке дейін санаймыз,

1,2,3,4,5 қыздар биле тез. (ортаға қыздар шығып билейді)

Бірге: Қарды біз домалатып,

5-ке дейін санаймыз,

1,2,3,4,5 ата-аналар биле тез. (ата-аналарорнында билейді)

Би: «Жұлдыздар»

Жарық өшіп – жанып Үндістанда тап боламыз: Ортаға Сүлейман Султан бала шығады.

Ақшақар: балалар қараңдаршы бұл кім? Біз қайда тап болдық?

Сүлейман султан бала: Мен сүлейман султанмын. Сіздер сіздер ең кәрікті Үндістанмыз!

Ақшақар: Аяз – атамыз осы жерде ме?

Сүлейман султан: Иә, бірақ мына жер оған өте ыстық. Менің қалауымды орындасаңдар мен сендерді елдеріңе қайтарамын!

Ақшақар: Балалар айтқанын орындаймыз ба?

Балалар: Иәәә

Сүлейман: Қыздар маған арнап би билеп берсін.

Жүргізуші: Қыздар би арнаймыз ба?

Сүлейман: Ал кыздарым!

Қыздар үнді биі.

Ақшақар: Ал Сүлейман Султан, біз сіздің айтқан тапсырмаларыңды орындадық, енді аяз атамызбен бізді елімізге қайтарыңыз!

Сүлейман: Иа арине (Сақалынан біреуін жұлып,сыбырлап сиқырлау)

Аяз атаның келе жатқан дыбысы естіледі:

Балалар алақай елімізге де келіп жеттік, Аяз атаның жақын маңда жүргенін сеземін, Қане балалар барлығымыз аяз атаны шақырайық

Бірге: аяз ата, аяз ата, аяз-ата,

Музыка әуенімен ортаға аяз- ата жетеді.

Армысың балаларым, боталарым!!!

Аяз ата: Жүзімізде күлкі ойнап,

Қанаттанды жанымыз.

Жаңа жылды біз тойлап,

Шаттанамыз бәріміз!

Сәлеметсіңдер ме, халқым! Жаңа жылдарың құтты болсын. Мені ыстық жақтан құтқарғандарыңа рахмет. Ол жақта абден ыстықтап, терледім.

Ақшақар: Аяз-ата әзіңді көп құттік, сен кел, демал. Біздің балалар саған тақпақтарын арнап берсін.

Балалар тақпақтары

Жүргізуші: Алақай келді атамыз,

Келіңдер шеңбер құрамыз,

Атамызға арнап ән

Баримиз бирге шырқаймыз.

ӘН «Жаңа жыры»

Музыка әуенімен ортаға «жыл басы Тауық» кіреді.

Тауық: Тауық жылы мен болам

Барінді де қарайлайм

Шығарайық мешінді,

Ескі жыл ғой таяған.

Жаңа жыл құтты болсын!!!

Аяз-ата: 2017 тауық жылы құтты болсын:

Балаларға сыйлықтар тарату.

Жаңа 2016 жыл әрбір отбасына жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Келесі Жаңа жылда кездескенше. Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!